КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 8 ақпан №4360-23-00-2/62 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Қ.М.Бержанов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «ДАСТАН» атауымен әрекет етуші Ермұхамет Дастан Серікұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «ДАСТАН» атауымен әрекет етуші Ермұхамет Дастан Серікұлы жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «ДАСТАН» атауымен әрекет етуші Ермұхамет Дастан Серікұлы жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танысылсын.

Жауапкер «ДАСТАН» атауымен әрекет етуші Ермұхамет Дастан Серікұлы жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбы 8393(сегіз мың үш жүз тоқсан үш) теңге және сот шығыны 1977 (бір мың тоғыз жүз жетпіс жеті) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 08.02.2024
Заңды күшіне енген күні: 20.03.2024, судья Бержанов К. М., 25.03.2024
4360-23-3-1/3630

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Қ.М.Бержанов**

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 08.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.03.2024, судья Бержанов К. М., 25.03.2024

4360-23-3-1/3630